

ОӘЖ 336.71

**ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНКТІК
ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ**

Нысанбай Аян Серікұлы, Сейітқали Әділ Асыланұлы
ayan_1998.kz@mail.ru ; adilseitkaliev@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Хамитхан Н.

Әлемдік қаржы жүйесінің жаһандануында белсенді трансформациялық үдерістер, ұлттық қаржы жүйесін жаңғыртудың жаңа мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасында тиімді қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

Қаржы секторы экономиканың маңызды элементі болып табылады және оның жай-күйіне болатын өзгерістердің жылдамдығы мен сапасы тәуелді. Қазіргі уақытта электрондық төлемдер мен электрондық сауда - қаржы секторының ажырамас бөлігі болып отыр. Қаржы саласы клиенттермен өзара іс-қимыл жасау үшін инновациялық технологиялар мен цифрлық сервистерді енгізу мен қолдануда дәстүрлі көшбасшы болып табылады. Қазақстанның экономикасын және қаржы секторын цифрландырудың, дамытудың қазіргі заманғы проблемаларын шешу шетелдік тәжірибені пайдаланумен міндетті түрде байланысты [1].

Кесте 1 - ҚР банктерінің озық онлайн қызметтері

Банктердің тізімі	Қызметтердің атауы
Национальный Банк РК	Online-banking
Halyk Bank	Online-banking, online-несие
Астана Банкі	Қызметтердің 90 %-ы – онлайн
Kaspi Bank	Internet-shop
Kazkom	Видеобанкинг

Дереккөзі: ҚР ҰБ жылдық есебі негізінде автормен құрастырылды [3].

Интернет пен мобильді банкинг арқылы жеке тұлғалардың төлем көлемі 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 2,6 есеге артқан. Инвесторлар үшін брокерлердің электрондық қызмет көрсету тәртібі жеңілдетілді, оның ішінде клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы негізінде сауда операцияларын жүргізу және жеке кабинет арқылы электрондық қызмет көрсету жеңілдетілді. Бұл өңірлік инвесторлардың нарыққа кіруін оңайлатып отыр және инвесторларға әлемнің кез келген нүктесінен қазақстандық қор нарығында қаржы құралдарымен сауданы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда барлық дерлік банктер қашықтық арналар арқылы қызмет көрсетеді. Банктердің 70% - ы интернет және мобильді банкинг арқылы жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді, банктердің 55% - ы мобильді қосымшалар базасында өз қызметтерін ұсынып жатыр [2].

Кесте 2 - Қаржы саласын цифрландырудағы кедергілер

№	Кедергілер
1	Тиімді реттеудің болмауы
2	Қаржы секторының мемлекеттік ақпараттық жүйелермен және дерекқорлармен электрондық өзара іс-қимылының біріздендірілген стандарттарының болмауы
3	Клиенттерді қашықтан сәйкестендірудің әмбебап тегінің болмауы
4	Халықтың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіз деңгейі
5	Халықтың ресми қаржы жүйесіне тартылмауы

Дереккөзі: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы негізінде автормен құрастырылды [1].

Қаржылық, атап айтқанда, төлем қызметтерінің қолжетімділігін арттыру үшін банктік емес эоқжүйелер – электрондық ақша жүйесі дамуда, ұялы байланыс операторлары абоненттік шоттан тауарлар мен қызметтерді төлеу бойынша шешімдерді енгізуде.

Төмендегі 3-кесте мәліметтеріне сүйене отырып, Цифрлық Қазақстан бағдарламасының тиімділігі туралы қорытынды жасауға болады, өйткені Интернетті пайдаланатын халық саны артып жатыр, ал бұл халықтың сауаттылығының артқанын көрсетеді, IT-технологиялар саласына да инвестиция салу ұлғаюда, халықтың қаржылық сауаттылығын оқыту іске асырылуда.

Кесте 3 - «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2016	2017	2018
1	6-74 жастағы Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі (мобильді интернетті пайдаланушыларды есепке алғанда)	%	63,9	72,9	76,8
2	6-74 жастағы халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі	%	64,1	74,2	76,2
3	АКТ саласындағы инновацияларға арналған шығындардың үлесі	%	0,14	0,08	0,01
4	Елдегі АКТ секторының инновация саласындағы белсенділік деңгейі	%	6	5	5
Дереккөзі: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсының деректері негізінде автормен құрастырылды [3].					

Қазіргі заманғы технологиялық трендтер қаржы қызметтерін көрсету парадигмасын түбегейлі өзгертеді - жаңа салалар мен бағыттар, бизнес-модельдер туады, қаржы қызметтерінің құны төмендейді, сондай-ақ салаларға тән тәуекелдер бәсеңделеді [1].

2022 жылға қарай Қазақстандағы цифрлық қаржы саласы төлем қызметтері нарығының дамыған инфрақұрылымы бар тиімді жұмыс істейтін қаржы саласында шешуші рөл атқаратын белсенді қаржы қоғамдастығының қалыптасуын болжайды. Қаржы секторы бөлінген тізілімдер, жаңа қаржы құралдарын ұсыну, мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау есебінен рәсімдерді оңайлату және жеделдету сияқты технологияларды пайдалана отырып трансформацияланатын болады [2].

Бұл ретте бұл шешімдер қызмет көрсетушінің экожүйесімен шектелген, бұл халықтың жаппай қолдануын шектейді. Мобильді төлемдерді барынша дамытудың мысалы болып Швеция және Кения болып табылады. Дегенмен олардың тәсілдемесінде айырмашылық бар, банктік және банктік емес платформалар бойынша жүзеге асырылады. Ұлыбритания, Швеция, Австрия, Сингапур, Корея, Австралия сияқты елдердің тәжірибесі халықты институтаралық қашықтан сәйкестендіруді қамтамасыз ету үшін технологиялық платформалар құру, қаржы секторында ашық платформалар енгізу, қаржы институттары, клиенттер мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл мен коммуникациялардың интеграцияланған сандық ортасын құру қаржы секторындағы сервистер деңгейін сапалы жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр. Осының барлығы цифрландырудың жаһандық трендіне сәйкес келеді, саланы трансформациялайды, барлық жерде қаржылық және басқа да қызметтерді алуды қамтамасыз ету үшін алғышарттар жасайды.

Мәселен, қаржы қауымдастығының проактивтілігі ашық технологияларды ("Open API") іске асыруды және онлайн ортада алаяқтық деңгейін төмендету, жаңа қызметтер мен өнімдерді енгізу, клиенттік тәжірибені жақсарту, қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру үшін реттеушінің (ҰБ) қолдауымен банктердің, инфрақұрылымдық компаниялар мен компаниялардың бір-бірімен белсенді ынтымақтастығын көздейді. Белсенді қаржы секторын дамыту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін клиентке бағдарланған өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге, қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес қызметтер (ритэйл, қаржылық консалтинг және т.б.) бөлігінде экожүйелерді құруға бағытталған инновациялық ұйымдарды дамытуға және пайда болуға бағытталған шаралар қабылданатын болады. Цифрлық қызметтердің, оның ішінде мемлекеттік, әлеуметтік және коммерциялық қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жеңілдету және дамыту үшін тәуекелге бағытталған тәсіл қағидаттарын негізге ала отырып, қашықтан сәйкестендіру моделін, оның ішінде түрлі биометриялық көрсеткіштерге негізделген салу болжанып отыр.

Модель мемлекеттік және коммерциялық компаниялардың деректер базасын пайдалана отырып, клиенттерді сәйкестендіруді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, коммерциялық компаниялардың және әлеуметтік салада (білім беру, денсаулық сақтау, халық санағы және басқалар) сервис алуды көздейді. Цифрлық сәйкестендіру тетігін енгізу - негіз қалаушы инфрақұрылым болады. Бұл қаржы институттары, клиенттер, мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл мен коммуникациялар үшін әмбебап

сандық орта құруға мүмкіндік береді. Бұл қаржылық, мемлекеттік және басқа да қызметтер көрсетудің деңгейі мен тиімділігін сапалы түрде арттырады.

Сақтандыру ұйымдарының электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасу, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпарат алмасу, залалды бағалау, шарт талаптарын өзгерту қажеттілігі, сондай - ақ электрондық шартты сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорда сақтау және клиенттің сақтандыру шартына тәулік бойы қол жеткізуі мүмкіндігі бар онлайн-қызметтер көрсетуі үшін жағдайлар жасалатын болады. Қаржы ұйымдарының, мемлекеттік органдардың, азаматтар мен кәсіпкерлердің электрондық өзара іс-қимылы жөніндегі тетіктер мен стандарттарды енгізу 2022 жылға қарай транзакцияларды жүргізу қауіпсіздігін және транзакциялық шығындарды төмендетуді қамтамасыз ететін "құжатсыз", ашық және жоғары бәсекеге қабілетті қаржы секторын құруға мүмкіндік береді.

Қаржы секторы электрондық сауданы дамыту және инновациялық экожүйені құру бастамаларын іске асыру үшін, құралдарды - төлемдерді тез, жай және сенімді жүргізуге, контрагенттерді тексеруге, бизнесті дамыту үшін қаржы құралдарына, мемлекет тарапынан қолдау құралдарына қол жеткізуге болатындай етіп береді. Шот-фактураларды, сондай-ақ шарттық қатынастар бойынша өзге де құжаттарды қағазсыз ұсыну үшін инфрақұрылым құра отырып, банкаралық есеп айырысу жүйесін жаңғырту және нақты уақыт режимінде банкаралық аударымдарды жүзеге асыру мүмкіндігі қажет, бұл ШОБ-тың транзакциялық шығындарын азайтуға, В2В-нарық қатысушыларының қолма-қолсыз ақша есеп айырысу құралдарына сенімін арттыруға, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар арасындағы тікелей есеп айырысуларды дамытуға мүмкіндік береді.

Қолма-қолсыз ақша айналымын ынталандыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге және іске асыруға ерекше мән берілетін болады. ШОБ өкілдері үшін қаржылық және қаржылық емес сипаттағы қолдау шаралары, ірі халықаралық төлем жүйелерімен, банктермен және нарықтың басқа да қатысушыларымен бірлесіп халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу іске асырылатын болады [2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы
2. Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет - ресурсы <http://stat.gov.kz/>